

№8 (428)
31 тамыз
2018 жыл

ZhUrbanov University

Облыстық
ақпараттық-
танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

Әлия әулі



Бүгінгі санға



ҚҰРБАН АЙТ –
ОТБАСЫЛЫҚ
МЕРЕКЕ



СПАСТИ
ЖИЗНЬ –
ЭТО ПОДВИГ



ТОЙҒА ТОЛЫ
ЖАЗ

Айдың айшықты жаңалықтары

Главные новости месяца

Top news of the month

ЭЛИХАН ТАҒЫ
ДА ЖҮЛДЕЛІ

Ақтөбелік танымал 20 жасар айтскер, Жұбанов университетінің студенті, болашақ әдебиетші Әлихан Жақсылық айтыста тағы да жүлделерге ие болды.

Қызылорда облысының Сырдария ауданының 90 жылдығына арналған республикалық айтыста 3-ші орынды иеленсе, Байғанин ауданының 90 жылдығына және ақын Өтежан Нұрғалиевтің 80 жылдығына орай «Жем-Сағыз егіз жарыса аққан...» тақырыбындағы ауданаралық ақындар айтысында облысымыздың 10 айтскерінен оза шапқан жас ақынға бас жүлде -150 000 теңге сертификаты табысталды.

АЛИХАН СНОВА
НА ПРИЗОВОМ
МЕСТЕ

Популярный актюбинский 20-летний молодой акын, студент университета Жубанова, будущий казаховед Алихан Жақсылық вновь стал обладателем призового места.



На республиканском айтысе в честь 90-летия Сырдарьинского района Кызылординской области он занял 3 место. А среди 10 акынов нашей области в межрайонном состязании мастеров слога на тему «Жем-Сағыз егіз жарыса аққан...» в честь 90-летия Байғанинского района и 80-летия акына Утежана Нұрғалиева он стал обладателем главного приза – сертификата на 150 000 тенге.

ALIKHAN IS AGAIN
ON THE WINNER
PLACE

The popular young akyn from Aktobe, the student of Zhubanov University, the future writer Alikhan Zhaksylyk again won the prize place.

At the republican aitys contest in honor of the 90th anniversary of the Syrdarya district, which held in Kyzylorda oblast, he took the 3rd place. Among 10 akyns of our oblast in the contest of akyns on the theme "Zhemsagyz egiz zarysa akkan ..." in honor of the 90th anniversary of Baiganin district and the 80th anniversary of akyn Utezhan Nurgaliyev, he became the owner of the main prize - certificate for 150 000 tenge.

СТУДЕНТТЕР ҚЫТАЙ
ТІЛІНЕН БІЛІМДЕРІН
АРТТЫРДЫ

Жұбанов университетінің Конфуций институтының және Конфуций институттарының Бас Басқармасы Ханьбанның қолдауымен 13 студент ҚХР Ганьсу провинциясының Ланьчжоу қаласындағы Солтүстік-Батыс педагогикалық университетіндегі жыл сайынғы жаздық тілдік лагерь бағдарламасы бойынша тағылым-дамадан өтті.

Екі аптаға созылған сапар барысында қатысушылар қытай мәдениетімен, каллиграфиясымен, сурет өнерімен, халықтық музыкасымен танысумен қатар, қытай

тілі бойынша білімдерін арттырды. Сондай-ақ студенттер Қытай астанасы Пекин қаласының көрікті жерлерін аралады.

СТУДЕНТЫ
ПОВЫСИЛИ УРОВЕНЬ
ЗНАНИЯ КИТАЙСКОГО
ЯЗЫКА

13 студентов получили направления на ежегодную программу летнего языкового лагеря в Северо-Западный педагогический университет г.Ланьчжоу провинции Ганьсу, КНР. Он проходил в период с 30 июля по 13 августа 2018 года. Полезный отдых студентам был орга-

ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҮЛЕКТЕРІ
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
КАДРЛАРДЫҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІК
МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕДІ

Осы мақсатта университет басшылығымен қалалық оқу бөлімі арасында меморандумға қол қойылды. Бұл жөнінде «Төртінші өнеркәсіп революция жағдайындағы адами капитал» тақырыбындағы педагогтардың кезекті қалалық тамыз конференциясының аясында белгілі болды.

Облыс орталығының мектептеріне түрлі профилдер бойынша 200-ге жуық мұғалім қажет. Жоғарғы оқу орындарының қабырғасында жаңартылған білім беру жүйесінің принциптерін меңгерген және үш тілде оқытылатын мектептерде оқытуға дайын жас мамандарға артықшылық беріледі. Бұл бағытта бос орындардағы басымдықтарға Жұбанов университетінің түлектері ие болды.

Сондай-ақ, Жұбанов университеттің ғалымдары аймақтағы мектептерге жаңарулар енгізуге әдістемелік көмек көрсететін болады. Бұл жүйе педагогика ғылымдарының кандидаты Зауреш Имжарованың өзінше негізге алып, енгізілді.

ВЫПУСКНИКИ УНИВЕРСИТЕТА ЖУБАНОВА
РЕШАТ ПРОБЛЕМУ КАДРОВОГО ГОЛОДА
В ОБРАЗОВАНИИ АКТОБЕ

Выпускники университета Жубанова решат проблему кадрового голода в образовании. Для этого между руководством ВУЗа и городским ведомством был подписан меморандум. Об этом стало известно в ходе августовской конференции педагогических работников города «Человеческий капитал в условиях четвертой промышленной революции».

В школах областного центра требуется порядка 200 учителей разного профиля. Преимущество отдадут

назван Институтом Конфуция университета Жубанова, при поддержке Главного Управления Институтов Конфуция/Ханьбан.

Помимо языковых курсов, участники ознакомились с культурой, достопримечательностями, каллиграфией, изобразительным искусством, народной музыкой Китайской Народной Республики. Также студенты посетили достопримечательности столицы - города Пекин

STUDENTS INCREASED
THE LEVEL OF
KNOWLEDGE OF
CHINESE LANGUAGE

13 students received a direction to the annual summer language camp program at the Northwestern Pedagogical University of Lanzhou, Gansu Province, PRC from July 30 to August 13, 2018. The summer language camp was organized by the Confucius Institute of Zhubanov University, with the support of the General Directorate of Confucius / Hanban Institutes.

In addition to language courses, participants got acquainted with culture, attractions, calligraphy, fine arts, folk music of the Republic of China. Also students visited the sights of the capital of Beijing.

молодым специалистам, которые в стенах высших учебных заведений обучались принципам обновленной системы образования и готовы преподавать в трёхязычных школах. В этом плане приоритетные позиции на занятие вакантных мест займут выпускники университета Жубанова, как раз соответствующие этим критериям.

Также учеными университета Жубанова оказывается методическая поддержка по внедрению обновленной в школах региона. Система критериального оценивания учеников как раз разработана и внедрена совместно с кандидатом педагогических наук Зауреш Имжаровой.

GRADUATES OF ZHUBANOV UNIVERSITY
WILL SOLVE THE PROBLEM OF STAFF
SHORTAGE IN THE EDUCATION OF AKTOBE

Graduates of Zhubanov University will solve the problem of staff shortage in education. In order to solve this problem was signed a memorandum between the university authorities and the city department. This became known during the August conference of the city teachers «Human Capital in the Conditions of the Fourth Industrial Revolution».

The schools of the oblast center require about 200 teachers of different profiles. The advantage is given to young specialists who have learned the principles of the renewed education system within the walls of higher educational institutions and are ready to teach in trilingual schools. According to this plan, graduates of Zhubanov University will take priority positions in the employment of vacancies, just corresponding to these criteria.

In addition, scientists of Zhubanov University are providing methodological support for introducing updates in schools in the oblast. The system of criterial evaluation of students was developed and implemented jointly with the candidate of pedagogical sciences Zaurash Imzharova.

The August conference of city teachers took place from 16-22 August 2018.

АЙБЕК ҚАМЗЕНОВ XVIII ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Жұбанов университетінің кәсіби-шығармашылық факультетінің студенті Айбек Қамзенов Индонезия елінің Джакарта және Палембанг қаласында өтетін XVIII жазғы Азия ойындарына қатысуға мүмкіндік алды.

Бағдарламада спортшылар 42 спорт түрі бойынша 476 медальға таласып, өзара бақ сынайтын болады. Оған Ақтөбе облысынан қатысуға олимпиадалық спорт түрлерінен 4 спортшы және олимпиадалық емес спорт түрлерінен 4 спортшы лицензия жеңіп алды. Сондай-ақ, волейболдан облыстың 1 жаттықтырушысы Қазақстан Республикасының бас бапкерінің көмекшісі ретінде шақырылды.



Азия ойындары — Халықаралық Олимпиада комитетінің қадағалауымен Азиялық Олимпиада кеңесімен реттеледі және төрт жылда бір рет өткізілетін ауқымды халықаралық жарыс.

АЙБЕК КАМЗЕНОВ ПОЛУЧИЛ ЛИЦЕНЗИЮ НА УЧАСТИЕ В XVIII ЛЕТНИХ АЗИАТСКИХ ИГРАХ

Студент профессионально-творческого факультета университета Жубанова Айбек Камзенов завоевал лицензию на участие в XVIII летних Азиатских играх 2018 года. Они пройдут в городах Джакарта и Палембанг Индонезии.

В программе игр будет разыграно 476 медалей в 42 видах спорта. От Актыбинской области лицензию завоевали 4 спортсмена по олимпийским видам и 4 спортсмена по неолимпийским видам спорта. Также в соревнованиях примет участие один тренер, который приглашен в качестве ассистента главного тренера сборной РК по волейболу.

Азиатские игры — это комплексные международные соревнования, которые проводятся под эгидой Олимпийского совета Азии один раз в четыре года.

AIBEK KAMZENOV GOT LICENSE FOR PARTICIPATION IN THE XVIII SUMMER ASIAN GAMES

The student of the professional-creative faculty of Zhubanov University – Aibek Kamzenov, won a license for participation in the XVIII Summer Asian Games-2018 in Jakarta and Palembang cities (Indonesia).

There will be played 476 medals in 42 sports in the Olympic Games. From Aktobe oblast the license was won by 4 sportsmen on Olympic sports and 4 sportsmen on non-Olympic sports. Also the coach will take part in the games; he is invited as an assistant to the head coach of Kazakhstan volleyball team.

Asian Games are the complex international competitions that are held under the auspices of the Olympic Council of Asia once every four years.



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨНІРЛІК КОММУНИКАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНДЕ ЖҰБАНОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

Пресс-конференция «Жұбанов университетінде мемлекеттік білім гранттарын бөлу нәтижесі және жаңа білім бағдарламаларын таныстыру» тақырыбына арналды. Жұбанов университетінің қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Нұржан Бердібаев Жұбанов университетінде мемлекеттік білім гранттарын бөлу нәтижесі туралы атап өтті. Биылғы жылы Қазақстан ЖОО арасында грантқа құжаттарды тапсырған үміткерлер саны бойынша Жұбанов университеті алдыңғы қатардан көрінді. 2955 талапкерден құжат қабылдап үлгерген оқу орны алдыңғы көштің қатарында. Қосымша бөлінген гранттық орындарға құжат тапсырушылар арасында техникалық және педагогикалық мамандықтарды таңдаған талапкерлер саны көп болып отыр.

«Мемлекеттік білім гранттарынан басқа жергілікті бюджет тарапынан 100 қосымша грант бөлінді», - деді Нұржан Мақсатбайұлы. Оның 51-і Жұбанов университетіне бөлінген. Сондай-ақ, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-не шетелдік қазақ диаспора өкілдері үшін ЖОО-ның ақысыз оқытылатын дайындық топтарына қабылдауға грант негізінде 20 орын тағайындағаны туралы да айтып өтті. Жаңа білім бағдарламалары туралы журналистерге оқу ісі жөніндегі проректор Бибигүл Әбенова таныстырды. Оның айтуынша, жаңа оқу жылында университет бакалавриаттың 4, магистратураның 16, докторантураның 3 мамандығы бойынша білім беру лицензияларына ие болды. 2018 жылы университет базасында ашылған «Жоғары колледж» 12 білім бағдарламалары бойынша оқытуға лицензия алды.

В РЕГИОНАЛЬНОЙ СЛУЖБЕ КОММУНИКАЦИЙ ПРОШЛА ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИЯ УНИВЕРСИТЕТА ЖУБАНОВА

О результатах распределения государственных образовательных грантов в университете Жубанова рассказали в региональной службе коммуникаций. С презентацией новых образовательных программ перед журналистами выступил ответственный секретарь приемной комиссии университета Жубанова Нуржан Бердибаев. В этом году университет Жубанова занял одну из лидирующих позиций среди высших учебных заведений Казахстана по числу абитуриентов, сдавших документы для участия в конкурсе на бесплатное высшее образование. Приемная комиссия АРГУ им.К.Жубано-

ва приняла документы у 2955 претендентов. В связи с выделением дополнительных грантов, большинство абитуриентов сдали документы на технические и педагогические специальности.

«Помимо государственных образовательных грантов в регионе было выделено 100 грантов из местного бюджета. Из них 51 место выделено для университета Жубанова», - отметил Нуржан Мақсатбаевич. Ответственный секретарь приемной комиссии также рассказал о выделенных 20 грантах МОН РК для университета Жубанова на подготовительные курсы для поступления в ВУЗ среди представителей зарубежной казахской диаспоры. По данному гранту студенты будут получать денежную стипендию.

По вопросам новых образовательных грантов выступила проректор по учебной работе Бибигүл Сеиловна Абеннова. По ее словам, в новом учебном году университет Жубанова получил лицензию на осуществление образовательной деятельности: на уровне бакалавриата-4, магистратуры-16, докторантуры-3. Стоит отметить, что в 2018 году на базе университета открылся Высший колледж, на уровне которого было приобретено 12 образовательных программ.

THE PRESS CONFERENCE WAS HELD IN THE REGIONAL COMMUNICATION SERVICE AT ZHUBANOV UNIVERSITY

The press conference was held on the topic of "Results of the distribution of state educational grants at Zhubanov University and the presentation of new educational programs. Nurzhan Berdibayev – the responsible secretary of the Admission Committee of Zhubanov University spoke in detail, about the distribution of state educational grants. This year, Zhubanov University took one of the leading positions among higher educational institutions of Kazakhstan in terms of the number of applicants who submitted documents for participation in the competition for awarding state educational grants. The Admissions Committee of the Zhubanov University accepted documents from 2955 applicants. In connection with the allocation of additional grants, the majority of applicants submitted documents for technical and pedagogical specialties.

As Nurzhan Maksatbaevich noted, in addition to state educational grants, 100 grants were allocated from the local budget. 51 of them are allocated for Zhubanov University. The responsible secretary of the selection committee also told about the allocated 20 grants of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for the University of Zhubanov for preparatory courses for admission to the university among representatives of the foreign Kazakh Diaspora. Under this grant, students will receive a scholarship.

Bibigul Seilovna, Vice-Rector for Academic Affairs, spoke on new educational grants. According to her, in the new academic year, Zhubanov University received a license to carry out educational activities: at the level of bachelor degree-4, master degree-16, and doctoral degree -3. It is also worth noting that in 2018, the University opened the Higher College, at the level of which were purchased 12 educational programs.

Ай ағамы

Человек месяца

Person of the month



Әлия гүлі

– Сіз маған ұнайсыз. Бойыңыздан өмірге құштарлықты, қанағатшылдықты сеземін. Керемет қой.. Маған кейде сіздің жаныңыздың ылғи жадырап жүретіні «өз әлеміңізді» қолмен құрай алғандығыңыздан сияқты болып көрінеді..

– Оқытушының, мұғалімнің жұмысының тыным таптырмайтындығында шек жоқ. Жауапкершілік дейтін тағылымды қасиетке берік байланғандықтан, қызмет пен отбасының бар жұмысын тек қана үздіктікке іліктіруге күш саламыз. Алдыңда отырып дәріс тыңдаған әр студенттің санасына бар білімді сіңіріп қана қоймай, өз кәсібіне, сол таңдаған пәніне, тіпті сол күні өтіп отырған тақырыбын әрі қарай қызығып, өз беттерінше ізденуге деген құштарлығын оятуды басты мақсат етеміз. Жұмыстан келе сала, отбасымыздың қамын ойлап, барлығының әсем күйге енуі үшін тынбастан жүгіреміз. Сондай арпалысқа толы жұмыс күнінен бірер сағат

ауыса қалса, мұғалім де – адам ғой, жан тыныштығын қалыпқа келтіруге тырысады. Енді аңғарсам, адам ретінде жан тыныштығын осы өсімдіктер әлемі, табиғаттың сұлулығына сұқтану, сол сұлулықтың титімдей бөлшегін жан дүниеме сіңіруден алады екенмін. Әрине, бұны – өңкей романтизмнің құшағында жүру деген сөз емес, әр күннің бар қиындығын еш қиялмен емес, күшжігер, ақыл-санамен шешіп отыруға тырысып деп түсінемін.

«Сұлулыққа да сұқтанатын көз керек» деп бекерге айтылмаса керек. Қазір дүниенің қай тетігін бассаңыз да, әдеміліктен гөрі ұсқын-

сыздық, оң пейілден гөрі теріс ниет, ақтан гөрі қара басым боп келетін секілді кей кездерде. Өз басым қылмыс, қанішерлік немесе осы сарындас шындыққа сай келмесе де, жалған пиар жасап, «Атың шықпаса – жер өртені» басты қағида қылған хабарларды қарамауға тырысамын. Онсызда жарым көңілді негативпен жамай бергенде кімге қандай пайда болмақ?

Оралхан Бөкеевтің мынадай бір философиялық толғанысы бар: «Табиғатты әркім өзінше түсінеді: балташы үшін – ағаш, балықшы үшін – су, аңшы үшін – аң-құс, альпинист үшін – шың, тіпті

табиғатты Тереңкүреңге барып, сыра ішіп тұрғанда ғана тамашалайтын пенделер де бар. Шындығында, табиғат адамның өзі екенін ұға бермедік». Табиғат – адам жанымен бірге үндесетін негізгі орта ғой, жанымыз сұлулықпен байысын десек, жасыл әлеммен бірге болуға тырысатын осындай өз әлемім бар... Меніңше, табиғатты сүю, әдебиетті сүю – домбыраның қатар ойнаған қос шегі секілді, бір-бірімен үндескен егіз ұғымдар.

– **Өзіңіздің гүл әлеміңіз бар. Оны шексіз сүйетініңіз көрініп тұр. Бұл қызығушылық қашан пайда болды?**

– Шын мәнінде, әрбір адамның жан дүниесі – жазылмаған тарих секілді. Барлық адамның өмірінде өзіндік бір қызығушылығы болады. Менің қолым қалт еткенде, жасыл желекпен айналысуым да, сол қызығушылықтан туындайды. Жалпы гүл, бау-бақшамен әуестенуім – ата-анамның қанымен бойға сіңген десем де болар. Анам – өте еңбекқор жан, жасы үлкейсе де, мүмкіндігіне қарай, шаруадан алыстамауға тырысады. Біз отбасымызда көзімізді тырнап ашқаннан үйде, ауыл маңында бақша ектік. Ойыл ауданының орталығында дүниеге келдім. Бала кезден көк-

өніс, жеміс-жидектің барлығын баптап өсірдік. Анамның еңбек-қорлығы бізді көп нәрсеге жетеледі. Әкем – дүниеден ерте кетті, ол кісі өмірден өткенде 3-4 жаста ғана едім. Әкем – бір ғажап талантты, өте терең білімді, керемет суретші болған. Және бір ерекшелігі әкемнің бақша өсіру шеберлігіне Ойылдағы санаулы орыс ұлтының өкілдері де таңқалады екен. Гүл өсіруге деген әуестігі де бойында бар әкем, үйде төрт түліктен өңге қоян өсіріпті. «Керемет кітапқұмар жан түнімен қазақ, орыс тіліндегі том-том кітаптарды оқып шығатын еді», - деп анам еске алады. Міне, менің гүл жасыл желек өсіруге деген ықыласымның бір сыры осыдан деп ойлаймын.

– Жаңа оқу жылы басталды. Жаз бойы жаныңызды жадыратқан әуестігіңізбен шұғылдануға уақыт тапып болып қалмай ма?

– Әрине, жаңа оқу жылы оқытушылар қауымына жаңа міндеттер жүктейді. Заманымызбен бірге өсеміз, келген жылмен бірге жетілеміз. Жаныма тыныштық сыйлайтын жасыл желек әлемін өсіріп-баптау – менің басты қызметіме кедергі келтірмейді. Ешуақытта өзімнің ұстаздық-ғылыми міндетімді екінші орынға ысырып қойған емеспін. Күнбе-күнгі дәрісханада жүргізетін сабақтар, студенттерді ғылым-білімге баулу, жалпы оқу процесін жоғары деңгейде жүргізу – басты мақсат. Өз басым білмеген нәрселерімді қалайда үйреніп, нәтижесін шығарғанша тыным таппаймын. Гуманитарлық-филология саласында жүріп, техникалық-компьютерлік бағдарламаларды мүмкіндігіме қарай барынша меңгеріп алуға тырысамын, студенттеріме үйретемін. Нәтижесіз де емес. Барлық

жұмысты мұқият, талапқа сай орындағым келеді. Және атқарар жұмысты аяғына жеткізгенше тыным таппаймын. Ал жұмыстан тыс уақытта гүл жасыл желек өсіру – маған тек қана демалыс сыйлайды, желкілдеп шыққан өскін – үлкен энергия

аялы алақанынан нәр аламыз. Қара жерге өніп шыққан әрбір өскіннің энергетикасы мықты деп ойлаймын.

Флористиканың ішінде шыны ыдыс ішінде гүл өсіру – флорариум деп аталады. Оның да сан түрлі қырсыры болады. Менде

тордың ғасыры ғой. Сондықтан бар білгенімді әлеуметтік желіде көпшілікпен бөлісіп отырамын. «Фейсбукте» «Бау-бақша әлемі» атты топ аштым. Ютубта арнайы ашылған каналым бар, бұл каналда жасыл желектен басқа, кей тағам түрлерін

көсіліп сөйлеуден жалыққан емеспін. Көп еңбегі қолды болып кеткен ұлы тұлғаның қаламгерлік қырын қалыптастырған кейбір мақалалары «Кедей» газетінің (қазіргі «Ақтөбе» газеті) 1925-1926 жылдардағы сандарында төте жазумен



көзі десем де артық айтқандық болмас. Және бұл бағытта да сан түрлі эксперимент жасағанды ұнатамын. Мәселен, екі жыл қатарынан үй ішінде, ашық аспан астында бау-бақша гүлдерін өсіріп көрдім. «Дала гүлінің пәтерде гүлдеуі мүмкін емес» деді арнайы мамандар. Дегенмен де, алған бетімнен қайтпадым. Ақыры лалагүл, қанни аталатын әсем гүлдер пәтерімде бүр жарды, жарқырап өсіп, керік берді. Сонымен қатар, терезе алдында қызанақ, қияр, аскөк түрлері мен құлпынай өсіп, жемісін көрдім.

Өз қызығушылығымнан туындаған осындай әрекеттер – кейбіреулерге мүлдем түсініксіз, қажетсіз болып көрінуі мүмкін. Әйтсе де адам өмірі – үлкен бір құбылыстар мен әрекеттерден ғана тұрмайды ғой. Бәріміз де табиғат-ананың

қазір бірнеше флорариум бар. Гүлді титімдей жапырақ күйінен та м ы р л а н д ы р ы п өсіремін. Өйткені осылай етсем еңбектің нәтижесін көзбе-көре аламын ғой. Дайын, гүлдеп тұрған гүлді сатып алуға біріншіден, көп қаражат жұмсалады. Екіншіден, гүлдеп болғаннан кейін өскін «демалысқа» кетеді. Яғни, солып, құрай бастайды. Кейде, «е-е, бұл гүлдің өмірі бітті» деп кейбіреулер лақтырып тастайды. Ол дұрыс емес. Тамырын алып қалып, суармай, қараңғы жерге қойса, екі-үш айдан соң қайта жанданады. Гүл өсірудің өзіндік технологиясы көп. Бұл арада барлығына бірдей тоқталу мүмкін емес. Бәрін білемін деп айта алмаймын, бірақ күнбе-күн қарап, тәжірибеде қолданған сайын, көп нәрсеге көзім жетуде. Қазіргі заман – ғалам-

дайындап, бейнефильм түрінде жүктеп қойғам. Мұндағы басты мақсатым – біреу болмаса біреуге пайдасы тиер деп ойлағаннан болды. Себебі көпшіліктің кәдесіне жарайтын ана тіліміздегі дереккөздер көп емес.

– Құдайберген Жұбанов мұраларын зерттеп жүрсіз. Ардақты тұлғаның қай қырына ғылыми назарыңыз ауды?

– Ғылыммен айналысу, іздену әрі-не, басты мақсатым деп айтып кеттім жоғарыда. Құдайберген Жұбановтың ғаламат феномендік қасиеті мені қай уақытта да таңқалдырады. Сан түрлі ғылым саласын қатар меңгеріп, бірнеше тілді білген полиглот Қ.Жұбановтың әдеби зерттеушілік және қаламгерлік қыры өз алдына бір тақырып. Бұл тақырыпта қандай аудиторияда болмасын,

жазылған, транскрипцияланбаған күйінде Алматыдағы ұлттық мұрағатта сақтаулы. Біз өз тарапымыздан бірнеше мақаласын ғылыми айналымға енгіздік. Әлі де болса, тілші, саяси шолушы болып жазған біршама мақалалары сарғайған газет беттерінде жатыр. Бұл мақалаларды жарыққа қайта алып шығуымыз керек. Қазақ елінің сол кездегі саяси ахуалына сараптама жасаған шағын мақалалардың да ұлтымыздың тарихы үшін аса қажет деп есептеймін. Жұбановтың әдеби мұрасын зерттеу жайлы айтып та, жазып та жүрмін... Жұбановтану – мен үшін жабылмайтын тақырып, ізденген сайын жаңа қырынан мұзарт таудай «мен мұңдалап», өзіне тартып отырады.

**Гүлнара
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ**

30 тамыз – Конституция күні

30 августа – День Конституции



НОВЫЙ КОММЕНТАРИЙ К КОНСТИТУЦИИ КАЗАХСТАНА ПРЕЗЕНТОВАН В АСТАНЕ

Еліміздің бас құжатының қабылданғанына дәл жиырма үш жыл толды.

Со дня принятия главного документа страны прошло ровно двадцать три года.

Twenty-three years have passed since the main document of the country was adopted

Новый научно-практический комментарий Конституции Казахстана был презентован сегодня в Астане во время международной конференции «Конституция: воплощение ценностей верховенства права, гражданского общества и современного государства», передает корреспондент Zakon.kz.

Комментарий уже издан Фондом Первого Президента РК - Елбасы совместно с Конституционным Советом РК и Министерством юстиции РК в рам-

ках национального проекта «Рухани Жаңғыру».

«В прошлом году произошли изменения в Конституционном законодательстве, в частности, внесены поправки в Конституцию, расширены значительно права парламента, передана часть полномочий от президента правительству. Более того, от некоторых полномочий президент отказался в пользу парламента. В частности, сегодня единственным законодательным органом является парламент. Значительно

расширены полномочия палат парламента, подотчетность правительства парламенту. Усилена компетенция конституционно-го совета по контролю за соблюдением конституционной законности. Изменена компетенция прокуратуры, значительная часть тех полномочий которыми прокуратура обладала как наследница советской прокуратуры утрачены», - рассказал о причинах появления комментария заместитель исполнительного директора Фонда Первого Президента РК - Елбасы Игорь Рогов.

По его словам, все эти изменения нужно было разъяснить и растолковать для законодательной и судебной власти, а также граждан, которые ссы-

лаются на нормы Конституции отстаивая свои права в суде.

«Конечно, это толкование не является обязательным. Это доктринальное толкование. По мнению ученых-практиков, обязательное толкование дает только Конституционный совет. Но для правоприменителя важно знать, что же имел в виду законодатель, принимая те или иные конституционные нормы. Думаю, это издание будет интересно и для научной общности, и для практиков, и граждан», - сообщил Рогов.

Перед тем, как был принят закон «О внесении изменений и дополнений в Конституцию» Казахстан обратился с просьбой к

Венецианской комиссии - дать свое заключение по предполагаемым изменениям.

«Сами понимаете, что если обратился в Венецианскую комиссию руководитель рабочей группы, руководитель администрации президента Адильбек Джаксыбеков, то, конечно, инициатива исходила от главы государства. Это свидетельствует о том, насколько серьезное внимание он уделяет тому, чтобы принципы и ценности верховенства права соблюдались во всех законодательных актах и в первую очередь в самом законе страны», - обратил он внимание.

В одном из комментариев комиссии говорится, что «конституционные изменения Казахстана представляют собой шаг вперед в процессе демократизации государства. Реформа задает правильный вектор дальнейшего развития страны и свидетельствует об очевидном прогрессе».

«По мнению комиссии, повышение роли парламента в целом и палат парламента, в частности, передача некоторых функций президента республике правительству, усиление механизмов его подотчетности и подконтрольности парламенту является позитивным изменением, которое соответствует логике предыдущих конституционных реформ», - привел пример Рогов.



August 30 –The Constitution



Тәуелсіздіктің тірегі – Ата заң күні туған күндерімен сәйкес жандар бар. Оларды іздеп тауып, қызықтырған бірнеше сұрақтарымызды қойған едік. Қуаныш иелерінің бірі – мерейлі 50 жасын қарсы алған, «Тарих және дінтану» кафедрасының аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Жайдарман Ануарқызы Ғанибаева. Екінші кейіпкер университет түлегі, журналистер арасында 2016 жылы өткен «Артаның бетке ұстарлары» республикалық байқауының 1-ші орын иегері, «Aqtobe» телеарнасының «Жаңалықтар» хабарының дикторы, журналист Райгүл Еншібай. Қос қуаныш иелерін құттықтаған Гүлнара Дауылбайқызы және Салтанат Қустанова.



- Мерейлі 50-жасыңыз құтты болсын! Ширек ғасыр өміріңізде ең қымбат шақтарыңызды еске алсаңыз.

- Ширек ғасыр өмірімдегі ең қымбат шақтарым - алғаш рет 1988 жылы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ табалдырығын аттап, студент атанған шағым, өйткені ол кезде оған екінің бірінің қолы жете бермейтін еді. «ҚазҰУ қалашағында» өткен студенттік күндер, университет қабырғасында т.ғ.д., профессор М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, С.Жолдасбеков ұстаздарымынан тыңдаған мазмұнды дәрістерім, кандидаттық диссертация қорғаған кезеңдерім көңіліме шуақ ұялатады. Еңсәлі шаңырақтан тарихшы мамандығын игеріп, арнайы жолдамамен Ақтөбе педагогикалық институтына келіп, еңбек жолымның басталған күні де мен үшін қымбат сәттер.

- Туған күніңіз еліміздің бас құжаты-Конституция күнімен сәйкес. Қос мереке қуанышты

еселей түсетін болар?

- Менің туған күнім - Ата заң қабылданған күнмен сәйкес келуі, әрине, өте қуанышты сәт. Жыл сайын екі қуанышпен құттықтауларды қабылдау серпілтіп тастайды. Оның үстіне биыл мерей тойым өтті. Бұл күні маған арналған тілектер екі еселенді.

- Жеткен белесте алдыңызға қандай мақсаттар қойып отырсыз? Жаңа оқу жылы да келіп жетті.

- Студенттің тиянақты білім алуы мен үшін аса маңызды, өйткені мен «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәнін жүргіземін. Алдыма келетін әрбір жасты өз ұлтының тарихына қызықтыруға тырысамын. Білім беру мен тәлім-тәрбие қатар жүруі тиіс, менің ұстаздық ұғымымда. Әл-Фараби айтқан ғой «Тәлім тәрбиесіз алған білім - адамзаттың қас жауы» деп. Алдағы жоспарлар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен одан әрі шұғылдана отырып моно-

графия, оқу құралдар шығару. Шетелдік басылымдарға: «Thomson Reuters», «Scopus» журналдарына мақала беру, студенттерді ғылыми ізденістерге, зерттеу жұмыстарына тарту, қызықтыру. Қазіргі жаһандық өзгерістер білім беру мазмұнын жаңартуды талап етеді, еліміздің білім беру жүйесінде іргелі реформалар жүзеге асырылып жатыр. Осыған байланысты оқитудың жаңа әдістемелерін, жаңа технологияларды оқу үрдісіне енгізу маңызды. Соңғы уақыттарда осы мәселеге бірнеше мақалалар жазып жарияладым. Ғылыми жұмыстарыма тиек болған тақырыптар: оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясы әдістерін және білімгерлердің коммуникативті құзреттілігін дамытуда графикалық органиайзер-

лерді қолдану тиімділігі жөніндегі, сонымен қатар сын тұрғысынан ойлау технологиясы - оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері екенін дәлелдеген зерттеулерім еді.

Екіншіден, ғылыми басылымдарда жариялап, түрлі конференцияларда көтеріп жүрген негізгі тақырыптарым, әрине қазақ тарихына қатысты, сонымен бірге Ресей империясының қазақ даласында жүргізген өкімшілік-басқару реформалары, ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселелер, Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі, Қазақстандағы ұжымдастыру саясаты, қазақ диаспорасы мәселесі, ҰОС жылдарындағы өлкенің әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты. Бұл зерттеулерімді әрі қарай жалғастыратын боламын.

ҚОС ҚУАНЫШ ИЕЛЕРІ

- Еліміздің бас құжаты мен кепілі саналатын Қазақстан Конституциясы күні туған күніңмен тұспастығына ерекше қуанышты боларсың?

- Туған күнімнің Конституция мерекесімен тұспа-тұс келгенін айрықша мақтан тұтамын. Өйткені Ата Заң азаттығымызды айқындайтын, тәуелсіздігімізді паш ететін қастерлі құжат. Әлі есімде, бала кезімде, туған күнімді үнемі концерт болып жатқан алаңда өткізетінмін. Сондықтан жаным жақын мереке десем де артық болмас.

- Өзіңнің журналистикаға қызығу және келу себепін айта кетсең.

- Менің кестелі көркем сөзге құмарлығым төменгі класта жүрген кезімде оянды. Шимайлап өлең, шығарма жазғанды жақсы көрдім. Бастауыш сыныптағы ұстазым Анаргүл Қизатованың сабақ өткізу тәсілі ерекше еді. Ана тілден жаттау тапсыратын кезде, қораптан ойып жасаған теледидардың макетінен тележүргізуші ре-

тінде сөйлеп тұратынбыз. Бәлкім, дикторлыққа сүйіспеншілігім сол кезден басталған болар. Аты-жөнімді айтып, кейін жаттауды нақышына келтіре мәнөрлеп оқығанда өзімді құдды тележүргізушідей сезінетінмін. Сол қағаз қораптан сөйлеу үшін үй тапсырмасын үнемі орындауға тырыстым. Жоғарғы сыныпта оқып жүргенімде мерекелік кештерді жиі жүргізетінмін. Осылайша, қызығушылығым өсе келе арманға айналды. Өйтседе, жоғарғы оқу орнына түсетін кезде әке жолын қуып, мұғалім боламын деп шештім. 2013 жылы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының (қазіргі Жұбанов университеті) филология факультетінде оқыдым. Төрт жыл оқуды ойдағыдай тәмәмдап, жұмысқа орналастым. Бір күні ата-анам газетке шыққан хабарландыруды көрсетті. Облыстық «Қазақстан-Ақтөбе» телеарнасының мерейтойына арнап «Тілші болғым келеді» деген кастинг жарияланып-

ты. Барып, бағынды сынап көр деді. Бардым, қатыстым. Ойда жоқта жеңімпаз атанып, бірден жұмысқа жолдама алдым. Армандар орындалады екен. Жаңалықтар бөлімінің редакторы ретінде материал дайындауды үйрендім. Алғаш рет эфир тізгіндеген күнім де әлі есімде.

- Университеттегі ұстаздарыңның ішінен кімнің тағылымын еске алып жүресің?

- Тағылым берген ұстаздарымның әрқайсысының мен үшін орны бөлек. Олардың маман дайындаудағы еңбектеріне табыстар тілеймін және өзімді ұстаздарымның алдында әлі күнге дейін шәкірттей сезінемін. Жанна Тектігүл Гүлмира Жетпісова, Ақмарал Сүгірбаева, Сабыржан Мұхтаров секілді ұстаздардан тәлім алдым. Батыстың маңдай алды жоғары оқу орны – Жұбанов университетінде тәжірибелі оқытушы-профессорлардың қызықты да мазмұнды дәрістерін тыңдап, білім алғаным қуаныштымын.



Құрбан айт

БЕРЕКЕЛІ, ӨНЕГЕЛІ КҮНДЕР

Құрбан айт қажылықтан соң келетін мереке. Қажылықта дүние ләззатынан толықтай бас тартып, кебін іспеттес ихрамды киіп, Мина, Арафат және Муздалифа жазықтарында аптап күн ыстықта құлшылық жасайды. Артынан, күллі мұсылмандар құлшылықты есен-аман орындап олжалы болағанына шүкіршілік етіп, Айт күнін мерекелейді.

Осы тұста биылғы қажылық маусымына тоқталсақ. Биыл Сауд Арабия еліне Қазақстанның 4 қаласынан тікелей әуе рейстері қатынады. Ал азаматтардың қажылық сапарын 18 компания ұйымдастырды. Бұл жылы Сауд Арабия корольдігі тарапынан қазақстандық 3 мың адамға қажылық квотасы берілген болатын. Ал ҚМДБ-ның «Tawaf Travel» қажылық компаниясымен қажылыққа барған ақтөбеліктердің саны – 30.

Құрбан айт – отбасылық мереке. Бұл күні ата-анасы отырған қара шаңыраққа балалары түгелдей жиналуы тиіс. Дастарқан басында отырған әке мен бала һәм нәмере жай ғана ас ішу үшін отырмайды. Бұл бүгін мен болашақтың тоғысқан жері. Бұл ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға аманат етіп берілетін мұра. Елін және жерін сүюді осылайша бала бойына сіңіру болып табылады.

Құрбан айт мейрамы биыл тамыз айының 21-і күні басталып, үш күн тойланды. ҚМДБ-ның пәтуа бөлімінің бекітуі бойынша Ақтөбе облысында, яғни облыстың барлық мешіттерінде айт намазы жергілікті уақытпен таңғы сағат 07:00-де оқылды.

Бұл мереке Апла Тағаланың берген біз білетін және байқай бермейтін көптеген нығметтеріне шүкіршілігімізді білдіретін мереке. Шүкіршілікті әуелі айт намазын оқумен білдіреміз. Айт намаздан кейін, имам құтпасын оқып біткен соң мүмкіндігі бар кісі құрбан шалады. Шарияттың тәртібі осы. Айт намазынан бұрын шалынған мал құрбандық ретінде есептелмейді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) құрбан күні намаздан кейін «*Кімде-кім біздің намазымызды оқып, соңыра құрбандық шалса, біздің сүннетімізге сай*

жасағаны. Ал кімде-кім намаздан әуел құрбандық шалса, онысы отбасына арналған ет, орнына басқа құрбандық шалсын», - деген

«Құрбан» сөзі діни тұрғыдан алғанда «Құлшылық мақсатымен белгілі бір уақытта, белгілі бір шарттарға сай келетін малдарды өз тәртібімен бауыздау» дегенді білдіреді. Сондықтан, құрбандыққа арналған малдың да жарамды болуына қатысты кейбір шарият қойған мынадай шарттар бар.

Құрбандыққа тек қана қой, ешкі, сиыр және түйе малдарын ғана шалуға болады. Құрбан ретінде шалынатын қой және ешкі кем дегенде бір жасар, сиыр екі жасар, түйе бес жасар болуы керек. Алты-жеті айлық тоқты бір жасар қой сияқты семіз, етті болса, құрбандыққа шалуға жарайды. Қой мен ешкінің еркегің, сиырдың ұрғашысын шалған абзал. Тауық, қораз, қаз, үйрек сияқты құстар құрбан ретінде сойылмайды.

Қой немесе ешкіні тек қана бір адам құрбан ретінде шалса, сиыр немесе түйені, яғни ірі қараны бір кісінің жалғыз өзі үшін немесе жеті кісі бірігіп, ортақ шалуларына да болады. Құрбанды ортақтасып шалған уақытта әрбір адам құрбан шалу ниетімен іске асыруы керек. Бір кісі құрбан үшін ал екінші бір кісі тек қана етін алу ниетімен ортақтасса, шалынған мал барлық ортақтар үшін құрбан болып есептелмейді.

Құрбан шалғанда «Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар лә илаһа иллаллаһу, Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар уа лиллаһил-хамд» деп тәкбір айтылып, «Бисмиллаһи, Аллаһу әкбар» деп бауыздалады. Ең абзалы, құрбанды иесінің өзі бауыздағаны дұрыс. Басқаға өкілеттігін тапсырып сойғызға да болады. Иесінің құрбан малының жанында тұрғаны жөн. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – ұнамды амал. Бір бөлігі туған-туыс, көршілеріне, екінші бөлігі кедей, мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі өзінің бала-шағасына, отбасына беріледі.

Бірнеше жылдан бері Ақтөбе қала-

сының өкімдігі санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен талаптарды сақтау мақсатында құрбандыққа шалынатын малдарды сату, сою және таратуға рұқсат етілген арнайы орындарды бекітеді. Биыл да Ақтөбе қаласы өкімдігі 5 құрбандық шалу орнын әзірледі. Нәтижесінде, құрбандық еттері қаладағы мұқтаж отбасыларға, мүгедек жандарға таратылды. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Ақтөбе облысы бойынша өкілдігі (яғни, Ақтөбе облысына қарасты барлық мешіттерде) биыл 2 559 отбасыға 15 т 107 кг ет үлестірілді. Ақтөбе қаласында биыл құрбандық шалынған орындар: «Айбек» ЖШС (41 разъезд, 06-А), «Есік» ЖШС (Богословка трассасы, Лесхоз поселкесі), «ТандемW» ЖШС (ПОШ аумағы), «Кіші құм» ЖШС (Мағаджан орман шаруашылығы, №11 жер телімі), «Қасымов К» ЖК (Жаңақоныс селолық округі).

Ақтөбе облыстық орталық «Нұр Ғасыр» мешітіндегі Айт мерекесіне облыс өкімі Бердібек Мәшбекұлы Сапарбаев қатысты. Ол жамағатты Құрбан айтпен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. Әкіл имам Тәлеби Оспан намаздан алдын «Құрбан айт – кешірім мен көңшілік мерекесі туралы» уағыз-насихат айтты. Мереке Ақтөбенің 67 мешіттерінде жылдағы үрдіспен, ұлттық нақышта атап өтілді. Мешіт ауласында киіз үйлер құрылып, дастархан жайылып, халыққа ас берілді. Соның ішінде, облыстың бас мешіті «Нұр Ғасырда» 8 киіз үй тігіліп, халыққа көже, бауырсақ секілді ұлттық тағамнан дәм үлестірілді. Дәстүрлі ән-күйден шашу шашылып, оқшаулы алаңда ұлттық ойын түрлерінен сайыстар ұйымдастырылды. Жамағат топ-то-

пқа бөлініп, арқан тартысты, күресіп, күш сынастырды. Сайыс жеңімпаздарына сый-сияпаттар үлестірілді. Мұндай спорттық сайыстар өзге мешіттерде де өткізілді. Соның ішінде бір тасын көтеру, арқан тартысу, қазақ күресі, қол күрес, қошқар көтеру, т.б. Сондай-ақ, балаларға арнап ойын-сауықтар ұйымдастырылып, тәттіден айттық сыйлықтар таратылды. Ал Байғанин ауданының орталығы Қарауылкелді ауылында мереке күні мини- футболдан жарыс өтті.

«Жарық» ақпараттық-кеңестік орталығы «Нұр Ғасыр» мешітінің ауласында жәрмеңке өткізді. «Өнер тамған он саусақ – үзілмейтін ырысың» деген атпен ұсынылған қолөнер бұйымдары мен тәттілер, ыстық самсалар мен бөлкелер, т.б – барлығы қыз-келін-шектердің өз қолымен әзірлегендері. Олар жуырда орталық ұйымдастырған тігін, аспаздық өнердің айлық курсын тәмамдаған болатын. Тәлімнің тәжірибеге көрінісі осылай айт мерекесінде паш өтілді.

Айт күні Ақтөбенің барлық мешіттерінде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өтті. «Нұр Ғасыр» облыстық орталық мешітіндегі қайырымдылық шараға Бердібек Сапарбаев, «Уақып» корпоративтік қайырымдылық қорының президенті Қайрат Айтбай және өкіл имам Тәлеби Оспан қатысты. Шара аясында тұрмысы төмен және көпбалалы отбасыларда тәрбиеленіп жатқан барлығы 250 мектеп оқушысына оқу құралдары мен сөмке, сондай-ақ, қаржылай көмек берілді. Соның ішінде 100 оқушыға көмек «Уақып» корпоративтік қайырымдылық қоры атынан берілді. Облыс өкімі Бердібек Мәшбекұлы жаңа оқу жылына сәттілік тілей отырып, балаларға оқуда озат, үлгілі болуға тілек білдірді.

Ақтөбе облыстық орталық «Нұр Ғасыр» мешітінің баспасөз қызметі



Отбасылық мереке

Ерлі-зайыптылар — Нұрғазы Сауханов, «Автокөлік және жол қозғалысын ұйымдастыру» кафедрасының доценті, Арман Сауханова, «Жұбанов университеті» баспасының маманы.

Құрбан айт – араздасқан адамдар татуласып, бір-бірін кешірісіп, туысқандық байланысты күшейтуге себепкер ұлық мейрам. Біздің көпұлтты Қазақстан халқы үшін Құрбан айт игілік пен қайырымдылықтың, түсіністік пен кеңпейілділіктің, жомарттық пен мейірімділік бейнесі. Жасы үлкен кісілерге сәлем беріп, батасына бөленетін күн бұл Ренжісіп қалған кісілер бір-біріне жібіп, татуласып, бейбітшілік салтанат құратын кез.

Біздің Саухановтар отбасы үшін Құрбан айт жыл сайын отбасылық мерекеге айналған. Бұл мейрамды біз міндетті түрде тойлаймыз. Дәстүр бойынша әулет мүшелері ұлық мерекені біздің қара шаңыраққа жиналып, кеңінен атап өтеді. Ынтымақ пен



бірлікті ту өтіп ұстаған әулет қасиетті Құрбан айт мейрамын осылайша үлкен шаңырақтан бастайды. Содан соң ағайын-туыстарды аралап, бір-бірімізге қонаққа барып, ақ дастарханнан дәм татамыз.

Бұл күні біз құрбан шалып, жеті күлшемізді пісіреміз. Құрбандық шаларда қойды таңдағанда да алдымен оның

ауру еместігіне, тісінің түгел екендігіне назар аударамыз. Қойды сойып, оны үшке бөлеміз. Содан соң жағдайы төмен туыстарымызға таратамыз.

Осы қасиетті күні тілеген ізгі тілектеріңіз, шалған құрбандықтарыңыз қабыл болсын! Шаңырақтарыңызға береке, ауызбіршілік, мейірім тілейміз!

Айнұр Ешниязова, «Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-саяси пәндер» кафедрасының аға оқытушысы

Бұл мерекені елдік деңгейде тойлатын жағдайға қол жеткіздік. 2005 жылғы 28 желтоқсанда Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қабылдаған болатын. Міне, сонан бері мұсылмандардың Құрбан айтының бірінші күні елімізде ресми түрде демалыс күні болып жарияланды. Осылайша, көп уақыт қол үзіп қалған Құрбан айт тәуелсіздігіміздің арқасында мерейлі мерекеге айналды. Өздеріңізге белгілі, дүние-мүлкі бар, жағдайы жететін мұсылман баласы үшін құрбан шалу – уәжіп амал. Құрбан шалу арқылы мұсылман баласы әуелі Алла тағалаға, әрі адамдарға жақындай түседі. Құрбан шалудың тұрмысы төмен жандарға берер пайдасы болғанындай, ауқатты кісінің де Алла тағала нығметін арттырады екен. Исламда әрбір құлшылықтың өзіне тән ерекшелігі бар екені айқын. Сол сияқты Құрбан айттың ерекшелігі – малды құрбандыққа шалу амалымен орындалатыны.



Жандарбек Иманчиев, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, PhD доктор

Құрбан айт – мұсылмандардың ең қасиетті мерекесі. Ол Ораза айттан кейін, жетпіс күннен соң басталып, үш күнге созылады.

Бұл күні ата-анамыз отырған қара шаңыраққа балалар түгелдей жиналамыз. «Құрбан айт – бірлік пен игілік, кешірім мен мейірім мерекесі деп білеміз. Бұл ұлық мерекеді ағайын-тумаларымыздың арасы одан әрі жақын-

дап, осы үлгімізбен көршілерімізді, өзге ұлттарды ынтымаққа ұйытып, татулыққа шақырамыз. Құрбан – араб тілінде «жақындау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істер арқылы жүректі тазарту. Құрбандық шалудың мәнісінің кеңдігін ұғыну. Айт күні көрші-қолаң, туыс-туғандарымызды аралап, «Айт құтты болсын» айтысамыз. Айт күндері мейлінше көтеріңкі көңіл-күйде, жылы жүзді, кешірімді болуға тырысуымыз керек. Ренжіскен адамдар болса қайта табы-

сып, айтта бір-бірін кешіріскені жөн. Сырқаттанып жатқан адамдардың көңілін сұрап, арнайы бас сұғу, жетім, жесір, мұң-мұқтаждарға қол ұшын беріп, қолдан келсе көмектесу, оларға да айттың қуанышын сездіру өте сауапты істерге жатады. Бұған қоса, ата-анасына, отбасындағы жандарға, көрші-көлем, жора-жолдастарына да сый-сыяпат жасап айт мейрамын ерекше өткізуге болады. Айтта осындай амалдарды жасау қоғамдағы адамдардың бір-біріне деген жылылықтары мен сыйластықтарын барынша арттырады. Осы орайда біз соңғы үш-төрт жылдан бері құрбан айт күніне арнап мал сатып алып, сәйкесінше оны қала мешіттерінің бірінің жанында арнайы орында сойдырамыз. Жаңа сойылған малдың етінен ағайындарымызға, аз қамтылған отбасыларға таратуды біз жыл сайынғы өз отбасылық дәстүрімізге айналдырдық. Құрбан айт мен үшін отбасылық мереке. Біз оны жыл сайын асыға күтеміз. Бізді ата-анамыз осылай тәрбиеледі.

Құрбан айт мейрамымен университет ұжымын құттықтаймын! Айттан айтқа жете берейік. Ұлық мереке мүбәрәк болсын!



Құрбан шалу – адамдардың бауырмалдық, жанашырлық, сүйіспеншілік сезімдерін арттырады. Әсіресе, ет сатып алуға жағдайы келмейтіндерге, айналамыздағы мұқтаж жандарға тигізетін пайдасы өте көп. Егер қаражаты бар, жағдайы жақсы адам Алланың разылығы үшін құрбандық шалып, айналасындағыларға етінен үлестіретін болса, міне бұл нағыз мұсылманның бойынан көрінер жомарттығы болмақ. Құрбан шалу адам өмірінің ұзаруына, қоғамдағы қылмыстың тоқтауына бірден-бір себепкер. Сондықтан, құрбан малын иесі бауыздағаны дұрыс. Егер бұл іс қолынан келмесе, шалынып жатқан малға қарап тұрғаны абзал.

Жылда отбасымыз мал алып, құрбан шаламыз. Ағайын-туыстарды шақырып, дәм ауыз тигіземіз. Үшке бөліп, бір бөлігін өзіміз алып қаламыз. Бір бөлігін жағдайы нашар адамдарға, мешітке береміз. Қорыта келгенде, құрбан айт мейрамының жеке тұлғаға да, қоғамға да берер пайдасы көп-ақ. Олай болса, әрбір мұсылман баласы құрбанның пайдаларын терең біліп, көкірегіне түйіп, амал еткені жөн. Келесі жылы құрбандыққа жетуге Алла Тағала нәсіп етсін!

**Бетті дайындаған
Сандуғаш ДҮЙСЕНБАЕВА**

● **Суғазы қауіпсіздік**● **Безопасность на воде**● **Safety on water**

Подходит к концу последний летний месяц. И актюбинцы спешат провести его на природе. Выходные зачастую проходят на берегу рек, с запахом шашлыков и в кругу веселой компании. Да и в будние вечера после изнуряющей жары люди стараются находиться ближе к водоемам. Как сделать свой отдых безопасным нам рассказал руководитель медико-психологической службы ГУ «Оперативно-спасательная команда» Актюбинской области Кайрат Аманшиев. Спасатель также поделился информацией о состоянии местных пляжей и первой помощи утопающим.

- Как распознать утопающего и как его спасти, обезопасив себя?

- Для спасения утопающего в первую очередь нужно распознать и определить степень утопления. Утопающий человек в большинстве случаев ведет себя очень агрессивно. На обращения спасателя он реагирует отрицательно или не реагирует вообще. Он начинает отплывать все дальше от берега. Никогда нельзя подплывать спереди к утопающему. Подплыв сзади, необходимо схватить утопающего за волосы. В случае, если нет возможности вытянуть утопающего за волосы про изводиться захват буксировочным методом за обе руки, либо пропустив руку через подмышечную область, придерживая нижнюю челюсть, транспортируйте его к берегу.

- Действуют ли на всех перечисленные вами методы или все-таки для утопающих разных категорий существуют разные методы спасения?

- Во всех случаях утопления методы спасения одинаковые. Будь это ребенок, или взрослый. Единственное что я хочу отметить, это вес. Если тонущий человек намного больше спасающего, то у него соответственно и сил больше. Плюс ко всему, как я говорил выше, тонущий человек начинает реагировать агрессив-



но, и, возможно будет создавать препятствия для спасателя. В таких случаях надо подождать пока человек обесилит и только потом начинать оперативно-спасательные меры. После доставки его на берег, ему сразу же должны оказать первую доврачебную и психологическую помощь.

- Поговорим о несчастных случаях на пляжах и водоемах. Насколько подготовлена оперативно-спасательная команда на актюбинских пляжах?

- К сожалению, находясь на берегу водоемов, люди часто сталкиваются с различными неприятными случаями, частыми, из которых являются утопления. Тонут в большинстве случаев взрослые в состоянии алкогольного опьянения, пренебрегшие правилами безопасности. Дети без присмотра тонут намного реже. Администрация пляжа должна обеспечить максимальную защиту своих отдыхающих. В

СПАСТИ ЖИЗНЬ – ЭТО ПОДВИГ



первую очередь, это наличие высококвалифицированной спасательной команды. Все областные пляжи перед открытием пишут заявку на обучение спасателей-дружинников. Обучение проводит наше управление. По окончании курса всем добровольцам выдаются сертификаты. После обучения они уже обладают базовыми знаниями спасательной службы, навыками первой доврачебной помощи. Но хочу отметить, что состав спасателей-дружинников областных и городских пляжей не постоянный. Он часто меняется. На каждом пляже должно находиться не менее 2-3 спасателей. Но надо помнить, что не все они работают в специально отведенных местах. Существует такое понятие как дикий пляж, где и происходит большинство трагедий.

- Люди тонут не только летом, но и в другие времена года. Какой должна быть пер-

вая помощь для утопающих?

- В осенние и весенние периоды наша оперативно-спасательная команда проводит рейды среди населения, живущего вблизи водоемов: проводят разъяснительные работы среди людей, в том числе рыбаков, которые находятся на водоемах; раздаются листовки, где описана вся информация о правилах нахождения на льду. Но если же все-таки случилась беда, и человек провалился под лед, ему надо постараться максимально удержаться руками на льду. Если у вас есть перчатки, надо их по очереди смочить водой. Через какое-то время перчатки застынут на льду, что дает рычаг для отталкивания. Помните выходить надо в том же направлении, в каком пришли до места провала. До берега нужно ползти по тому льду, который уже обследован вами. Вне зависимости от време-

ни года самыми опасными водоемами считаются реки с сильным течением. В нашем регионе — это река Карагала.

- Хотелось бы закончить нашу беседу на приятной ноте. Скажите, встречались ли в вашей практике курьёзные случаи со счастливым концом?

- Наша работа опасна, но и интересна. Выполняя свой долг, мы стараемся, чтобы у каждого случая был счастливый конец. Но это не всегда получается. Както нам пришлось спасать всю семью, которая оказалась посреди водоема. Сын катался на надувном круге, мама рядом на надувном матрасе. Вдруг поднялось сильное течение, и их начало уносить. Отец семейства прыгнул в воду в надежде догнать уплывших домочадцев и сам оказался посередине реки. Вот так мы и спасли целую семью.

- Спасибо Вам за беседу.



Асылбек Таужанов, житель города Актобе рассказал нам историю спасения сразу нескольких людей: «Дело было в начале июля. Мы с друзьями отдыхали на берегу реки Каргала. Место не было специально отведенным для купания, но и запрещающих знаков там тоже не было. Весь день мы купались и отдыхали. Ближе к вечеру подошли две женщины с пятерыми детьми, один из которых был грудничком. Одна из женщин постоянно находилась на берегу с ним. Другая купалась с остальными детьми.

Через какое-то время женщина, сидевшая на берегу, начала звать на помощь. Рядом с ней были еще две девочки, которые тоже плакали и звали на помощь. Остальных троих не было видно. В это время мы с другом как раз были в воде, недалеко от них. Не раздумывая, ни секунды мы нырнули под воду. Первой спасли женщину, так как она, видимо, умела хоть чуть-чуть плавать и пыталась выплыть самостоятельно. Оттолкнув ее на берег, нырнули и вытащили девочку. Третью девочку искали долго. Наконец я заметил ее волосы. Ее унесло намного дальше от берега. Схватив за волосы, вытащил ее на берег. Когда я ее вытащил, мы оказались на другом берегу. Посидев, набравшись сил, мы с друзьями перенесли их всех на другой берег и провели домой. Все они были сильно испуганы».

Материалы подготовила
Ажаргуль КУНАРОВА

ПЛЯЖИ АКТОБЕ:

РАСПОЛОЖЕНИЕ, УСЛУГИ, ЦЕНЫ

«Жагажай», р. Илек, ул. Нокина, напротив больницы

Режим работы:
10:00 — 22:00

Условия:

- кабинка для переодевания
- спасатели.

Вход:

взрослый — 300 тг
детский — 200 тг, детям до 7 лет бесплатно.

Платные услуги:

топчаны — 2000 тг за 3 часа.

Саздинское водохранилище

Режим работы:
09:00—22:00

Условия:

- парковка на 500 машин
- кабинка для переодевания
- волейбольное поле
- спасатели.

Вход:

взрослый — 200 тг
детский — 100 тг, дети до 7 лет бесплатно.

Платные услуги:

юрта — 3000 тг за час
топчаны — 5000 тг за день
беседка — 1500 тг за час

Платные услуги:

катер — 500 тг с человека за 1 круг
4-хместный катамаран — 500 тг за 30 мин
«банан», «ватрушка» — 1000 тг с человека
водный скутер — 2000 тг с человека
мангал — 1000 тг за день

Платные услуги:

футбольное поле — 3000 тг за час.

Пляж под мостом, р. Илек, слева от моста на Кирпичный

Режим работы:
08:00 — 23:00

Условия:

- кабинки для переодевания
- столики
- беседки
- горки
- батуты
- детские развлечения
- спасатели.

Вход:

взрослый — 400 тг
детский — 200 тг
детям до 7 лет бесплатно.

Платные услуги:

топчан маленький — 1000 тг/сутки
топчан большой — 3000 тг/сутки
палатка — 500 тг/ч
катамаран — 500 тг/ч

Платные услуги:
топчан — 2000 тг/2 ч
аренда кругов и спасательных жилетов.

«Семейный», р. Илек, справа от моста на Кирпичный

Режим работы:
09:00 — 21:00

Условия:

- бассейн с водной горкой «Динозавр»
- батут
- спасатели.

Вход:

взрослый — 500 тг
детский — 200 тг, детям до 3 лет бесплатно.

Платные услуги:

топчаны с навесом — 5000 тг за день
без навеса — 2000 тг за день.

Платные услуги:

«1000 и одна ночь», Актобинское водохранилище

Режим работы:
09:00 — 22:00

Условия:

- кабинка для переодевания
- мангал
- самовар
- казан
- спасатель.

Вход:

взрослый — 300 тг
детям до 14 лет бесплатно.

Платные услуги:

топчан — 5000 тг за день
катамараны — 1000 тг за 1 круг
«Ватрушка» — 1000 тг за 1 круг.

Платные услуги:

Старый пляж, р. Илек, ул. Нокина

Режим работы:
11:00 — 22:00

Условия:

- детский бассейн
- фонтан
- бесплатные шезлонги
- спасатели.

Вход:

взрослый — 400 тг
детский — 200 тг, детям до 7 лет бесплатно.

Платные услуги:

топчан маленький — 1000 тг/сутки
топчан большой — 3000 тг/сутки
палатка — 500 тг/ч
катамаран — 500 тг/ч

Платные услуги:

«Саяхат», Актобинское водохранилище

Режим работы:
10:00 — 22:00

Условия:

- бесплатные лежаки
- зонты
- туалет
- волейбольная площадка
- спасатели
- видеонаблюдение.

Вход:

взрослый — 700 тенге
детский — 300 тг, детям до 7 лет бесплатно.

Платные услуги:

горка — 1500 тг за день
лодка — 1000 тг за 30 мин
катамаран — 1000 тг за 30 мин
речной трамвайчик — 4000 тг за 30 мин
юрта — будние дни — 20 000 тг, выходные — 30 000 за день
топчаны — 1000 за час
общий мангал — 1000 тг.

10 мин
лодка на веслах — 1000 тг за 30 мин.

«Саяхат», Актобинское водохранилище

Режим работы:
10:00 — 22:00

Условия:

- бесплатные лежаки
- зонты
- туалет
- волейбольная площадка
- спасатели
- видеонаблюдение.

Вход:

взрослый — 700 тенге
детский — 300 тг, детям до 7 лет бесплатно.

Платные услуги:

горка — 1500 тг за день
лодка — 1000 тг за 30 мин
катамаран — 1000 тг за 30 мин
речной трамвайчик — 4000 тг за 30 мин
юрта — будние дни — 20 000 тг, выходные — 30 000 за день
топчаны — 1000 за час
общий мангал — 1000 тг.

Платные услуги:

Жилгородской пляж «Болашак», р. Илек

Режим работы:
10:00 — 02:00

Условия:

- купаться разрешено до 21:00
- вместимость до 1000 человек
- зонты
- волейбольная площадка
- спасатели.

Вход:

взрослый — 300 тг
детский — 200 тг
пенсионерам, людям с ограниченными возможностями и детям до 7 лет бесплатно.

Платные услуги:

лежак — 500 тг
стол, четыре стула — 1000 тг
шатер — 3000 тг за день
топчан до 12 человек — 5000 тг за день
мангал, дрова, шампур, розжиг — 1500 тг
катамаран — 1000 тг за 30 мин.

● Құтты болсын!

● Поздравляем!

● Congratulations!

Тойға толы

Сананы тұрмыс билеген заманда үйленіп, шаңырақ көтеруге жастар асыға қоймайды. Дегенмен, студент кезде отбасын құрып, білім алу мен жанұялық өмірді жұптастыруға бел буғандар да баршылық. Осы жазда университеттің физика-математика факультетінің өзінде 5 студенттің тойы өтті. Жас жұбайлар, «Физика» мамандығының 3 курс студенттері, Дәулет Жолан мен Асима Өміртай бір топта оқиды. Осы екі жастың махаббат хикаяларына ерекше көңіл бөліп, қызыққанымыз сондықтан. Дәулет Ырғыз ауданының Жайсанбай ауылынан, Асима қаланың қызы.



-Даулет, Асима, той құтты, шаңырақтарың шатты болсын! Сендер игеріп жатқан мамандықта қыздар аз, ұлдар көп болуы керек. Яғни, Асимада таңдау кең дегенді білдіреді..))) Сұрамағым, бір-бірің үшін жаралғандарыңды қашан сездіңдер?

-Асимаға деген сезімім 1-ші курстан басталды деуге болатын шығар. Туған күнінде құлпырып кеткен сүйіктіме көңіл түкпірінде жасырған көңілім ұлғайды. Қол ұстасып қыдыратын, оңашада сырласатын күндеріміз көбейді. Өткен жылда, 22-ші қыркүйекте «ресми түрде» жұп атандық.

-Студент кезде отау құратындар бар. Бірақ, бір топта оқып жүріп, табысу

саяқ құбылыс. Өздеріңді ерекше жас жұбайлар ретінде сезінесіңдер ме?

-Шағын топта оқимыз. Бұл бір жағынан екеуміздің жақын танысып, бауыр басуымызға септігін тигізген сияқты. Негізінен, бір топта оқитындар бір үйдің баласындай болады, сондықтан бір-бірін сүйікті ретінде қарастыру ойға келе бермейді. Осы жағынан алғанда Асима екеумізді ерекше жұп деуге болар. Өмірлік жар атанғанымызға өте қуаныштымыз.

-Студент кезде үйленіп, тұрмыс құрудың өзіндік қиындықтары болады. Осыған дайынсыңдар ма?

-Жасымыз 20-да. Бірақ ақылымыз толысқан. Үй болу қиындығы жасқа қарамайды. Бәріне дайынбыз.

-Бір-біріңе не деп серт бердіңдер? Құпия болмаса..

-Өмірдің ыстық-суығында, қуаныш-қайғысында бірге болуға, әлпештеп өсірген әке-шешемізге құрмет көрсетуге, арамыздағы адалдыққа серт бердік.

Бетті дайындаған
Гүлнара ҚАРАША



Дәулет Жолан,
Асима Өміртай –
«Физика»
мамандығының
3-курс
студенттері

Осы жазда университеттің физика-математика факультетінің өзінде 5 студенттің тойы өтті.

Жаз



Қалыңдық -
Гүлжайна Ізбасарова
«Математика»
мамандығының
4-курс студенті
Күйеу жігіт –
Бекнұр Искаков,
Жол потрульдік
полиция қызметкері

**Үй болу қиындығы жасқа қарамайды.
Бәріне қайынбыз.**

Айдың айшықты жаңалықтары

Главные новости месяца

Top news of the month

ӨЗБЕКСТАНДЫҚ 300-ГЕ ТАРТА ЖАСТАР ЖУБАНОВ УНИВЕРСИТЕТИНЕ ОҚУҒА ТҮСУГЕ ТІЛЕК БІЛДІРДІ

Шет елдердегі дарынды этникалық қазақ жастарының келуін ынталандыру мақсатында Жұбанов университетінде оларға арнайы жеңілдіктер беріледі. Атап айтқанда, бірінші оқу жылы олар 100% жеңілдікпен оқитын болады, келесі курстарда Қ.Жұбанов атындағы жеке стипендия алуға және Қ.Жұбанов атындағы білім грантына талаптана алады.

Университеттің кәсіби бағдар беру бөлімі Навои, Нөкіс, Ташкент қалаларында өткізілген Халық-аралық көрмелерге қатысқан болатын. Жұмыс сапарлары барысында кәсіптік бағдар беру бөлімі қызметкерлері көршілес Өзбекстан Республикасының қазақтар көп тұратын аймақтарын аралап, түсіндіру жұмыстарымен шұғылданғанды. Атқарылған бағдар беру нәтижесінде өзбекстандық 300-ге тарта жас Жұбанов университетіне оқуға түсуге тілек білдірді. Сол мақсатпен Ақтөбеге келген олар қазір ішкі көші-қон талаптарына құжаттарын сәйкестендіруде. Әрі қарай өзбекстандық жастар әңгімелесу түріндегі емтихан тапсырады. Талапкер-қонақтарды қарсы алған кәсіби бағдар бөлімі басшысы Жамила Идиеваның ай-



туынша өзбекстандық қандас бауырларымыздың көпшілігі техникалық, экономикалық және педагогикалық мамандығын таңдап отыр.

ОКОЛО 300 МОЛОДЫХ ЛЮДЕЙ ИЗ УЗБЕКИСТАНА ИЗЪЯВИЛИ ЖЕЛАННИЕ УЧИТЬСЯ В УНИВЕРСИТЕТЕ ЖУБАНОВА

В целях привлечения талантливых этнических казахов из-за рубежа университетом Жубанова предоставляется 100% скидка в оплате за обучение на первом курсе. Следующие курсы на общих основаниях они имеют право претендовать на получение именной стипендии и образовательного гранта им. К.Жубанова.

Отдел профориентации университета принимал участие в Международных выставках в столице Узбекистана городе Ташкент и горо-

дах Нукус и Навои Каракалпакстана. В ходе рабочих поездок сотрудники профориентационного отдела проводили разъяснительную работу. В результате около 300 молодых людей из соседней республики изъявили желание учиться в университете Жубанова. На данный момент они идентифицируют документы для внутренней миграции. Далее им предстоит пройти собеседование для поступления в университет. По словам руководителя отдела профориентации Жамилы Идиевой, большинство абитуриентов из Узбекистана выбрали технические, экономические и педагогические специальности.

ABOUT 300 YOUNG PEOPLE FROM UZBEKISTAN WANT TO STUDY AT ZHUBANOV UNIVERSITY

In order to attract talented ethnic Kazakhs from abroad, Zhubanov University provides them with

privileges. 100% discount in tuition fees for the first year. The following courses, on general grounds, they have the right to apply for a personal scholarship named after K. Zhubanov and an educational grant to them.

With the support of the university, the department of professional guidance of the University took part in the International exhibitions in Navoi, Nukus and Tashkent. During the working trips, the employees of the professional guidance department conducted explanatory work in the regions where a large number of Kazakhs live in the Republic of Uzbekistan. According to the results of the work, about 300 young people from Uzbekistan expressed a desire to study at Zhubanov University. At the moment, they identify documents for internal migration. Then they will have to pass an interview for admission to the university. According to the head of the professional guidance department Zhamilya Idiyeva, the majority of entrants from Uzbekistan have chosen technical, economic and pedagogical specialties.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША 4000-НАН АСТАМ ТАЛАПКЕР МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТҚА ҮМІТКЕР

Жақында Қазақстан бойынша мемлекеттік білім грантына құжат қабылдау жұмыстары аяқталды. Ақтөбе облысынан төрт жоғары оқу орнының (Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, М.Оспанов атындағы БҚММУ, С.Бәйішев атындағы АУ және Қазақ-Орыс халықаралық университеті) базасында тегін оқуға үміткерлікке 4000-нан астам адам құжат тапсырды.

Биылғы жылы Қазақстан ЖОО арасында грантқа құжаттарды тапсырған үміткерлер саны бойынша Жұбанов университеті алдыңғы қатардан көрінді. 4000-нан астам талапкер құжат тапсырған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті сапты бастаса, екінші позициядан 3100 талапкермен жұмыс жасаған Әл – Фараби атындағы ҚазҰУ-ті көрінді. 2955 талапкерден құжат қабылдап үлгерген Жұбанов университеті де алдыңғы көштің қатарында болды.

Жұбанов университетінде өткен жылмен салыстырғанда былал мемлекеттік грантқа құжат тапсырғандардың саны 200-ден асты.

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Нұржан Бердыбаевтың айтуынша биылғы жылы қосымша бөлінген гранттық орындарға байланысты техникалық және педагогикалық мамандықтарға құжат тапсырушы талапкерлердің саны көбірек.

БОЛЕЕ 4000 АБИТУРИЕНТОВ УЧАСТВОВАЛИ В КОНКУРСЕ НА ПРИСУЖДЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ГРАНТОВ ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Недавно закончился прием документов для присуждения государственных грантов по Республике Казахстан. 4000 абитуриентов сдали документы на присуждение государственных грантов по Актыобинской области на базе 4-х высших учебных заведений. А именно: ЗКГМУ имени М.Оспанова, АРГУ имени К.Жубанова, АУ имени С.Байшева и Казахско-Русский международный университет.

В этом году университет Жубанова занял лидирующую позицию среди высших учебных заведений Казахстана по числу абитуриентов, сдавших документы для участия в конкурсе на присуждение государственных образовательных грантов. В первых рядах расположился Южно-Казахстанский ГУ им.М.Ауезова, где приняли документы от 4000 человек, далее список продолжил КазНУ им.Аль-Фараби с 3000 конкурсантами на бесплатное высшее образование. АРГУ им.К.Жубанова принял документы у 2955 абитуриентов.

В текущем году в университете Жубанова число абитуриентов, желающих получить профессию бесплатно по сравнению с прошлым годом увеличилось на 217 человек.

По словам ответственного секретаря приемной комиссии университета Нуржана Бердыбаева приоритет абитуриенты отдали на технические и педагогические специальности. Это связано с выделением дополнительных грантов.

THE HOLDERS OF STATE EDUCATIONAL GRANTS FOR 2018 YEAR

The Republican competitive commission for awarding of the state educational grants has completed its work on August 5th. The results of the competition were published on the websites egemen.kz, kazpravda.kz, and testcenter.kz.

As previously reported, Zhubanov University accepted documents from 2,955 applicants, who wanted receive free higher education. According to the results of the contest, about 950 entrants became holders of state educational grants at the Zhubanov University.

The 753 entrants passed according to the results of the general competition. 37 entrants are from the different categories (orphans, invalids of I and II groups, equated to participants and invalids of the Great Patriotic War, representatives of foreign Kazakh Diasporas). For the social project "Serpin" in Aktobe region, 134 entrants received grants, and 25 people received additional grants.

53,594 grants were allocated for the higher education, 12,504 grants for masters and 2,240 grants for PhD degrees in the 2018-2019 academic years in Kazakhstan.

Айдың айшықты жаңалықтары
<http://news.arsu.kz> материалдары
негізінде дайындалды

Главные новости месяца подготовлены по материалам <http://news.arsu.kz>
The important news of the month was prepared by <http://news.arsu.kz> site materials

● Денсаулық пен сұлулық апабы ● Полоса здоровья и красоты ● Line of health and beauty

«ZHUBANOV UNIVERSITY» ГАЗЕТИ «MODNOE.INFO» САЙТЫНА СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП, ҚОҢЫР КҮЗДІ ЖАРҚЫН ТҮСТЕРМЕН ҚАРСЫ АЛУҒА ШАҚЫРАДЫ.

ҚОҢЫР КҮЗДІ ЖАРҚЫН ТҮСТЕРМЕН ҚАРСЫ АЛАМЫЗ

Көлемді сырғалардың ашық түстерін таңдаған жөн




Жіңішке көзәйнектер алдағы күзде де сәннен шықпайды



Жаңа маусымда бұршақ принт өзекті



Ашық түсті аяқ-киім күзгі бейненізге ерекше сән береді



Классикалық үлгіні спорттық киімдермен араластыруға қорықпау керек



Логотипі бар футболка күзгі трендте

Денсаулық



КАК ПРИГОТОВИТЬ МАСКУ ДЛЯ ЛИЦА ИЗ ХУРМЫ

Пока на прилавках магазинов есть хурма, воспользуйтесь этим фруктом для приготовления домашних масок.

При увядающей, стареющей коже лица растертую мякоть хурмы смешайте со сливками или молоком в равных соотношениях и нанесите на лицо на 15–20 минут.

Затем снимите маску ватным тампоном, ополосните лицо водой.

При жирной пористой коже лица мякоть смешайте со взбитым белком куриного яйца. Маска очищает, освежает, отбеливает, тонизирует кожу.

Для сухой и нормальной кожи лица можно приготовить питательный крем из 1 ст. ложки кашицы плодов хурмы, растертой с 1 ст. ложкой сливочного масла, желтком и 1 ч. ложкой меда до получения однородной массы. Крем наносится на лицо на 20–30 минут, излишек снимается бумажной салфеткой.

<https://sovetik.club>

СҰЙЫҚ ҚАМЫРДА ҚУЫРЫЛҒАН КӘДІ

Жайдары да жарқын жаз мезгілі аяқталды. Дегенмен жазғы тағамдардың дәмін татып үлгеретін шақты күндер легі әлі де біткен жоқ.

«Сұйық қамырдағы кәді» дайындау тәсілімен бүгін экономика және құқық факультетінің 3-курс студенті Гаухар Еркенғалиқызы бөліседі. Гаухардың айтуынша қияр секілді кәдінің көп бөлігі судан пайдалы дәрумендер мен минералдардан тұрады. Сондықтан дәрігерлер оларды жазғы ас мәзірінің тұрақты негізі ретінде пайдалануды ұсынады.

Тағамды дайындау үшін қажетті заттар:

- Кәді - 2 түйір;
- өсімдік майы - 80 мл;
- сұйық қамыр үшін:**
- жұмыртқа - 3 түйір;
- бидай ұны - 3 ас қасық;
- майонез – 200 гр.;
- тұз – дәміне қарай;

безендіру үшін:

- аскөк;
- қызанақ - 2 түйір.

Дайындалуы:

1. Шағын шұңғыл ыдыста тұз қосып, жұмыртқа мен майонезді араластырамыз.

2. Оған ұнды қосып, қоспа біркелкі болғанша тағы да араластырамыз.

3. Кәдіні жақсылап жуып, дөңгелектеп тураймыз.

4. Әр дөңгелекті дайын сұйық қамырға былғап, қызып тұрған майға екі жағынан қуырамыз.

5. Дайын кәдінің майын сорғытып, аскөк және қызанақпен безендіреміз.

«Кәдіні мұздатқышқа салып қатырып алуға мүмкіндік болса, уақытты кетірмей солай істеу керек. Өйткені кәді қыс мезгілінде пайдалы, каллориясы аз, таптырмайтын көкөністің бірі» - деп кәнес береді Гаухар.



**Бетті
дайындаған
Салтанат
Кустанова**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде қайта тіркеліп, №16883-Г куәлігі 08.02.2018 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады
Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

**Zhubanov University
облыстық ақпараттық-танымдық газеті**

Меншік иесі:

ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті» ШЖҚ РМК-ы

**Ректор
Бауыржан Ердембеков**

**Бас редактор
Гүлнара Қараша**

Тілшілер:
Сандуғаш Дүйсенбаева
Ажаргүл Қунарова
Салтанат Кустанова

Аудармашы:
Ақбота Орманбекова

Дизайнер:
Айгерім Нуршина

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:

030000, Ақтөбе қаласы,
Ә. Молдағұлова даңғылы, 34,
102 бөлме
Тел: 8 (7132) 55 23 21

E-mail:

zhubanovpress@mail.ru

Сайт: www.arsu.kz

Facebook: Пресс-служба
университета Жубанова
Таралымы: 5000 дана